

Б. Ж. Доскеева

ТІЛ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. Білім беру стандарттарының жасалынуы, инновациялық технологияны дамыту, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену – сол өзгерістеріміздің куәсі. Әсіресе, білім берудің кредиттік технологиясы жүйесіне көшу бүгінгі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі әдістерден біртіндеп бас тартуды, оқытудың академиялық және ұйымдастыру құрылымдарын өзгертуді, әдістері мен технологиясын жаңартуды талап етеді. Мемлекеттік тілді үйретуші оқытушы алдындағы ең үлкен мақсат – қысқа мерзім ішінде студентті өз мамандығы бойынша қазіргі таңдағы жетістіктер мен проблемалар туралы сөйлей алатындай және жоғары деңгейде түсіне алатындай дәрежеге жеткізу, болашақ маманның мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау біліктілігін арттыру, яғни ауызекі сөйлеу деңгейінен кәсіби деңгейге көтеру, ертеңгі күні олар Қазақстан азаматтарымен мемлекеттік тілде жатық, таза, еркін сөйлесе алатындай етіп шығару.

Соңғы жылдары еліміздің жоғарғы оқу орындарында дебат технологиясын қолдану арқылы студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру жайлы, сондай-ақ, білім алушылардың ой-өрісін дамытуда және тіл дағдыларын қалыптастырудағы тиімді әдіс екендігі туралы жиі айтылып жүр. Мемлекеттік тілді оқытуда дебат технологиясымен енгізе оқытудың мақсаты мен міндеттері мынадай:

- мемлекеттік тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- таным қабілетін дамыту;
- білімге құмарлық, рухани сенімін арттыру;
- пікір – шектелмейтін еркін шығамашылық екеніне сенім ұялату;
- қарма-қарсы ой стратегиясы болғандықтан, сөз әдебіне үйрету;
- шешендікке баулу;
- саяси еркін көзқарастардың бәсекелілігін тудыру;
- тыңдаушы мәдениетін насихаттау;
- студенттің өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруына баулу;

- студент дербестігін дамыту.

Дебат технологиясы білім беру жүйесіне сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында 1993 жылы бір топ американдық педагогтардың ұсынысымен енгізілген болатын. Бұл технология студентті өмірдің әр саласында мысалы, медицина, білім, өндіріс, бизнесте және басқа тақырыптарда туындайтын мәселелер бойынша өз ойын, көзқарасын және мүддесін қорғай білуге үйретеді, азаматтық құндылықтарды сақтай отырып, ғылыми, кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабылетті, сөз-сайыс жүргізе алатын маман дайындауға ықпал етеді. Дебатты мынандай салаларда жүргізуге болады:

- оқытудың бір формасы мен технологиясы ретінде білім беру үрдісінде;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарында (ғылыми ізденісті, ғылыми ақпарат көздерімен жұмыс істеуді, зерттеу жүргізуді қалыптастырады);
- тәрбие жұмыстарында;
- танымдық ойын түрі ретінде.

Дебат – бәсекелесу мен жарысудың белгілі бір деңгейін болжайтын ойын технологиясы. Бұл жерде логикалық жағынан мейлінше қисынды дәлелдер келтіре алған алған адамның жеңісі маңызды, себебі дебатта анық бір жақтың дұрыс болып шығуы мүмкін емес. Бұл, бір қарағанда, дидактика принциптеріне қайшы келеді, бірақ дебат өмір мен әлеуметтік практикаға жақын, неге десеніз, кез келген мәселенің екі жағы бар, кез келген шешімге жақтастар да, қарсыластар да табылады. Логика мен дебат технологиясы амалдары арқылы шешіп, мақсатқа жету үшін төмендегі негізгі үш принципті сақтау қажет:

1. Қарсыластың идеялары мен пікірлеріне қарсы аргументтерді тұжырымдап айтуға болады, бірақ сол қарсыластың өзін сынауға болмайды. Дебат жеке тұлғаға қарсы бағытталмауы керек.

2. Дебаттың негізі – шындық. Кейде шындық өте қиынға түседі, бірақ аргументтердің жоқтығы мен қисынға келмейтін жағдайларды мойындауға тура келеді.

3. Жоғарғы оқу орындарында өтетін дебат студенттердің дамуы мен білімі, қоғамдағы орны үшін қолдануға арналған, сондықтан оны оқу үрдісіндегі студенттер арасындағы немесе оқытушы мен студент арасындағы жарысқа, айтысқа айналдырмау керек. Бұл ойында қаты-

сушылардың құқығы бірдей болады. Қатысушыларға өз білімдерін көрсетуге, тәжірибе ауысуға болады. Дебат тіл жетілдірудің дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық әсер ету тәсілі, бірақ, ол үшін сабақтың тақырыбы дебат жасауға лайық болуы қажет. Тақырып тандаған кезде төмендегілерді есте сақтау керек:

- жақтайтын жақ үшін жағымды тұжырымдары бар;
- нақты мәліметтері бар;
- зерттеу жұмысын жүргізуге дем беретіндей болуы;
- айтыс, дау қозғайтындай болуы;
- көкейкесті мәселелерді қамтитын, қозғау салатын болуы тиіс.

Жақтаушы жақ өзі ұстанған көзқарасын нақты фактіге негізделген мықты біліммен, шешендігімен мойындатса ғана жеңеді. Қарсылас жақ жақтаушылардың ұстанымдарының дұрыс еместігі мен аргументтерінің кемшіліктерін дәлелдеуі қажет. Дебат технологиясының артықшылығы – осы. Егер біз «Халық медицинасы» деген тақырыпты дебат ойынының қарары етіп алсақ, ойынның шарты бойынша критерий құрамыз. Ойынға қатысушылар топқа бөлініп, екі критерий бойынша дайындалады.

Критерий: Халық медицинасының адам денсаулығы үшін пайдасынан зияны көп.

1. Аргумент. Арнайы медициналық білімі жоқ адамдар айналысады.

2. Аргумент. Хируриялық ауруларды емдей алмайды.

3. Аргумент. Олардың ем-домдары уақытша ғана әсер етеді.

Осы аргументтерге мысалдар келтіре отырып (газет-журнал материалдарын пайдаланып), халық медицинасының әдіс-тәсілдерін дұрыс қолданбай, уақытша табыс көзі етіп жүрген «емшілердің» кесірінен халық медицинасы туралы қоғамда пайда болған көзқарастар жайында сөз қозғайды.

Критерий: Халық медицинасының адам денсаулығы үшін пайдасы зор.

1. Аргумент. Ерекше қабілет дарыған емшілеріміз ешқандай құрал-жабдықсыз адамның ауруын (диагнозын) дәл таба білген.

2. Аргумент. Халық емшілері – сынықшы, жарықшы, оташылардың емі ешқандай талас тудырмайды.

3. Аргумент. Халық медицинасында қолданылатын дәрі-дәрмектердің негізі табиғи дәрілік шөптерден, минералды заттар мен жануарлардың мүшелерінен алынатындықтан, адам ағзасына зияны болмайды.

Әр критерий мен аргументті алдын-ала берілген авторлардың еңбектеріндегі үзінділер арқылы нығайтамыз, фактілер арқылы дәлелдейміз. Мысалы, ұсынылған еңбектердің бірі – «Қазақтың халық медицинасының құпиясы» деген кітапта көптеген нақты материалдар негізге алынып, халық емшілерінің ауруды анықтау, табу, емдеу тәсілдері осы күнгі ғылыми медицина тұрғысынан талданады. Халық медицинасындағы емшілердің ішкі ауруларды ғана емес, хируриялық ауруларды да емдеп, жазғаны туралы қызық фактілер келтіріледі. «Халық дәрігері (емшісі) науқастың сыртқы пішініне, жүріс-тұрысына, өңіне, реңіне көз сала отырып, оның денесіндегі ерекшеліктерді байқаған. Ол қолдарының ұшымен өте епті және сезімталдықпен науқастың ауырған жерлерін басып сипалап, сол жерді анық білуді дұрыс санаған. Тыныс алудағы көңіл-күйді байқаған, тамыр ұстап, жүрек жұмысын тексерген, қарынды, ішті еппен басып, ішкі ағзалардың орнын, дененің ыстығын анықтаған, түкіріктің, дәрет пен зәрдің шығу мөлшерін білген, олардың иісі мен түріне назар аударған. Тердің қалай пайда болып, қай жерден шығатынына назар аударған, бірнеше түрге: бұршақ тер, жабысқақ тер, сасық тер, қара тер, құрғақ тер деп бөлген. Жөтелді де бірнеше түрге бөлген: көк жөтел, құрғақ жөтел, шикыл жөтел. Қақырықты да түр, түске бөлген. Оның түсінің өзгеруін өкпе, кеңсірік ауруларының белгісі деп білген». Қазіргі кезде де халық медицинасы көмегімен талай адам ауруынан ем іздеуде.

Дебат технологиясы студент бойына мынадай қасиеттерді қалыптастырады:

- жан-жақты білім;
- тапқырлық;
- шешендік;
- зеректік;
- аңғарымпаздық;
- сын тұрғыдан ойлауды;
- өз ойын ашық айтуға;
- адамдармен дұрыс сөйлесе білуге;
- көпшілік алдында сөйлеп үйренуге;
- адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасауға.

Сондай-ақ, дебат өткізуді кері байланыс элементі ретінде, оқу материалдарын бекіту және танымдық қабілетті активтендіру ретінде пайдалануға болады. Бірақ бұл технологияны қолданған кезде төмендегідей қиыншылықтар ұшырасты:

- кейбір пікірсайысқа қатысушылар басқалардың сөйлеуіне, өз ойларын толық жеткізулеріне бөгет жасайды;

- қатысушылар кейде берілген тақырыптан ауытқып кетеді;

- барлық идеялар мен ұсыныстардың логикалық байланысын бақылап, жазуды жүргізу қиынға соғады.

Қорыта айтқанда, орыс тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету, дамыту, жетілдіру мақсатында қолданылатын әдістердің бірі ретінде дебат технологиясын сабақта қолдану студенттің өз бетінше, дербес ізденуіне жол ашады, тіл үйренушінің танымдық өрісін дамытады, белгілі бір мәселелерді шешуде өз бетінше әрекет жасауына ықпал етеді.

1. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. Москва, 2011.

2. А. Алдашев, Ж. Әлімханов. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы, 1992.

3. Захарова И. Г. Информационные технологии для качественного и доступного образования. Педагогика. 2002, №1.

4. Герасимов Г.И., Иллюхина Л.В. Инновация в образовании. – Ростов на Дону, 1999.

В статье рассматривается технология дебатов в процессе преподавания казахского языка.

In article the technology of debate in process teaching the Kazakh language is considered.

А. С. Жанбиршиева, А. Қ. Мамбеталиева

СИНТАКСИСТІК ҰҒЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақ тілі әдістемесінде күні бүгінге дейін аз зерттелген мәселелердің бірі – синтаксистік ұғым қалыптастыруда жаттығулар жүйесінің алатын орны мен маңызы. Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығы. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығулар жүйесін түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктей келе, Н.Ж.Құрманова жаттығуларды негізінен «тілдік» және «сөйлеу» жаттығулары деп топтастырады және жаттығулардың қазіргі кезде 30 шақты түрі бар дейді [1, 63 б.]. Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында оқушыларда синтаксистік ұғым қалыптастыру үшін оқулық бойынша төмендегідей жаттығу түрлерін орындатуға болады. Мысалы

Оқушылардың түсінігін бақылау.

177-жаттығу. Бағандарды салыстыру.

1. Екі бағанды салыстыру.
 2. Қай бағандағы сөздер сөйлем емес?
 3. Қай бағандағы сөздер сөйлем емес?
 4. Неліктен?
 5. Сөйлемдерді көшіріп жаз.
- Сергіту сәті: 1 минут.

Бірігіп түгел сынып
Көтерілдік биік,
Бойларыңды тік ұста,
Қисаймасын иық.
Тағы отырып, тұрып,

Қозғала түс, шынық.

Бәрін жасап болсаңдар,

Отыр да, енді тынық.

Кітаппен жұмыс.

178-жаттығу. Жатқа жазу сәті.

Топтық жұмыс.

I-топ: Сөйлемдер дұрыс құрылған ба? Түзетіп қайта жаз.

II-топ: Сөйлемдердің орны дұрыс па? Рет санын қарындашпен белгіле.

III-топ: Берілген екі сөйлемнің байланысын тап.

«Бес жолды өлең» құрастыру.

1. Қыс.
2. Салқын аяз.
3. борайды, жауады, үскіреді.
4. Қыс мезгілі қандай тамаша!
5. Суық мезгіл.

VIII. Венн диаграммасы.

Мәтін мен сөйлемнің ортақ қасиеттерін топтастыру.

Үйге тапсырма. 180-жаттығу.

Жаттығу

Үстаздан шәкірт озар.

Күш білімде.

Талаптаға нұр жауар.

Жалаң жіне жайылма сөйлемнен тұратын мақалдарды көшіру.

Сөйлем мүшелеріне талдау.

Білім туралы мақалдар айту.

Дарынды оқушымен жұмыс.